

11-15 сәуір аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

15 сәуір

Апталық жоспарға сәйкес 11-15 сәуір аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. 15-сәуір PISA-2022 халықаралық зерттеуі ойдағыдай сәтті өтті. Зерттеу компьютерлік форматта 3 оқу кабиентінде өтіп, жалпы саны 40 оқушы қатысты. Компьютерлік жабдықталу толық талапқа сай болып, мектепшілік кезекшілік жақсы деңгейде ұйымдастырылып және зерттеуге дайындықтың жоғары болғаны үшін мектепке Алғыс хат табысталды.

5. Оқушы дәптерінің жалпы жағдайын, сынып және үй жұмысы нормасының орындалуын, мұғалімнің дәптер тексеруге қойылатын біріңғай талаптарды орындауы мен дәптермен жұмыс істеу қызметін бақылау мақсатында 7-11-сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша жұмыс дәптерлері тексерілді. Дәптерлер талапқа сай және уақытылы тексерілген.

6. Бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З. облыстық жасөспірімдер олимпиадасына қатысатын оқушылармен отырыс өткізді. Отырыста оқушыларды Щучинск қаласында өтетін жасөспірімдер олимпиадасына қатысу нұсқаулығымен, өту бағдарламасымен, кестесімен таныстырды, бағыт-бағдар берді.

7. «Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары аясында «Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Әдей Жайнагүл 10 «А»- сыныбында шебер-сынып өткізді. Мұғалім сабақта оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бойынша жұмысты жақсы ұйымдастырды. Оқушыларды бағалау процесіне тартты, сындарлы кері байланыс беру үшін жағдай жасады. Уақытты үнемдеп қолданды. АҚТ ресурстарын пайдаланды.

8. 13 сәуір күні 7-8-сынып оқушылары арасында математика, физика, химия, биология және информатика пәндерінен облыстық жасөспірімдер олимпиадасы өтті. Біздің мектептен осы олимпиадаға 8 оқушы қатысты: 7-сынып- Саркен Айғаным, Нұрұш Хасан, Искаков Алинур; 8-сынып- Бақытжан Жәнібек, Талғат Санжар, Муратов Әліби, Әбіқан Әбілмансұр, Елубай Мәди.

Нәтижесінде: Бақытжан Жәнібек, биология, 3-орын, Талғат Санжар, химия, 3-орын және Муратов Әліби, физика, Грамота иеленді. Пән мұғалімдері: Маженова А.А., Сағатай А.А. және Сатынсин Д.Т.

9. Сәуір айының 14 күні ақын Мағжан Жұмабаев мұрасын жас ұрпаққа насихаттау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында өткен «Мағжан оқулары» байқауының облыстық кезеңіне қатысқан 3 оқушының 2-уі жеңімпаз атанды. Олар 8а-сын. оқушысы Әбдрайым Әлайдар 2-орын, 9а-сын. оқушысы Кусаинова Айымгүл 3-орын. Жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов М.Б. және Ахат А.Д.

10. «Ілиясоқулары» республикалық байқауының облыстық кезеңіне қатысқан 2 оқушы да жүлделі орындарға ие болды. Олар: 7б-сын. оқушысы Құмарбек Еркебұлан, 2-орын, 9а-сын. оқушысы Әміржан Нұрлы, 3-орын. Жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Даулеткалиева Т.Б. және Ахат А.Д.

11. 14-сәуір күні Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Университетінде "Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастықтың қырлары" аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында «Дети в науке. Защита прав интеллектуальной собственности несовершеннолетних» тақырыбында өткен лекцияға 8-10-сынып оқушылары арасынан 18 бала қатысты.

12. 14-сәуір күні Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Университетінде "Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастықтың қырлары" тақырыбында өткен аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияға 9а-сынып оқушысы Кусаинова Айымгүл өз баяндамасын ұсынды және конференция жинағына баяндамасы кірді. Жетекшісі: Ахат А.Д.

13. Апта бойы пән мұғалімдері Сағатай А.А. Әдей Ж.Ахат А.Д.Кайржанова М.Н.Республикалық пәндер олимпиадасына дайындық жұмыстарын жүргізді. Оқушылар Ким Камила, Нурмагамбетова Қымбат Ш.Уәлиханов ат.Көкшетау университетінің оқытушыларының дайындық сабақтарына қатысты.

14. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың өтуі қадағаланды.